

	Нысаның БҚСЖ бойынша коды Код по ОКУД _____ ҚҰЖЖ бойынша коды Код организации по ОКПО
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Павлодар облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы "30" мамырдағы № 415 бұйрығымен Бекітілген № 015/е нысанды медициналық құжаттама
Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Павлодарской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Медицинская документация Форма № 015/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от "30" мая 2015 года № 415

«Шектеулі карантиндік шаралар туралы»

№ 13 ҚАУЛЫ

(2020 жылғы 26 қазандағы № 12 ҚАУЛЫҒА
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы)

2020 жылғы «06» қараша

Павлодар қ.

Мен, Павлодар облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Батырбек Төлеубекұлы Әлиев, Павлодар облысы тұрғындарының арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 38-бабына, 104-бабы, 2-тармағының 3)-тармақшасына, ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» № 57 Қаулысына, ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» № 58 Қаулысына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері орынбасарының 2020 жылғы 26 қазандағы «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар мен оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» № 12 Қаулысына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Павлодар облысының әкімдігі, облыс қала мен аудан әкімдері, Полиция департаменті, Денсаулық сақтау басқармасы COVID-19 коронавирустық инфекциясы бойынша эпидемиологиялық жағдай нашарлаған жағдайда, жергілікті штабтардың шешімі бойынша блок бекеттер орнатылсын :

1) бақылау-өткізу пункттері арқылы қозғалу үшін pvlnfo.kz сайтына тіркелу қажет (2020 жылғы 9 қарашадан бастап 13 қарашаға дейін қоса есептеген кезең ішінде –жұмыс берушінің мөрімен куәландырылған, еркін нысандағы анықтамасы болған жағдайда қозғалу);

2) бақылау-өткізу пункттері арқылы, соның ішінде жаяу тәртіппен жүруді есептегенде:

- елді мекендерде тұрақты тұрып жатқан тұлғалардың кіруінен;
- апаттық, медициналық қызметтерден, құқық қорғау органдарынан, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтен, табиғатты қорғау, ветеринария қызметтерінен, жол жөндеу қызметтерінен,
- ауыл шаруашылығы, омарташылыққа тартылған адамдардан;
- халықтың тіршілігін қамту ұйымдарының қызметкерлерінен;

- медициналық көрсетімдер бойынша кіретін және шығатын тұлғалардан, ілесіп жүретін адамдармен (2-ден көп емес, оның ішінде жүргізуші);

- емдеуде және карантиндік стационарларда бақылауда тұрған тұлғалардан, ілесіп жүретін адамдармен (2-ден көп емес, оның ішінде жүргізуші);

- тұрғылықты мекенжайынан жұмыс орнына дейін және кері бағытта қозғалудан;

- облыстың шаруашылық тіршілігін, қатты, сұйық отынмен және ЖЖМ-мен қамтамасыз етуге арналған азық-түлік, дәрі-дәрмектері, тауарлары, жабдығы мен материалдары бар жүк көліктерінен басқа, қозғалысын шектесін;

3) бақылау-өткізу пункттерінде байланыссыз термометрияның және арақашықтықты сақтай отыра, респираторлық ауру белгілері мен COVID-19 коронавирустық инфекциясын жоққа шығармайтын белгілердің бар-жоғына сауалнама жүргізілуін қамтамасыз етсін;

4) инфекциялық ауруларға, соның ішінде COVID-19-ға (*респираторлық белгілердің болуы*) күдікті анықталған кезде «103» телефоны бойынша жедел жәрдем шақыруды қамтамасыз етсін.

2. Павлодар облысының әкімдігі, облыс қала мен аудан әкімдері, мемлекеттік орган, ұйым, кәсіпкерлік субъектілердің басшылары, заңды тұлғалар:

1) қала маңындағы жолаушылар тасымалынан басқа, қалааралық және ауданаралық автобустардың (*шағын автобустардың*) жолаушылар тасымалының тоқтатылуын;

2) мәдениет объектілерінің (*театрлар, музейлер, кітапханалар мен т.б.*) қызметіне тыйым салуды;

3) діни объектілердің (*мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және басқа объектілер*) қызметіне тыйым салуды;

4) көзбе-көз режимдегі жиналыстардың (*отырыстардың*) өткізілуіне тыйым салуды;

5) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, ғимарат ішінде жалпы толымдылығы 30 орыннан аспайтын, ашық ауада қызмет етуді қоспағанда, әлеуметтік арақашықтықтың, үстелдердің көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр арақашықтықта орналастырылуын және бір үстел алдында 4-6-дан аспайтын адамдардың отырғызылуын сақтап, ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа жаппай өткізілетін іс-шараларды өткізусіз, сағат 8:00-ден бастап сағат 20:00-ге дейінгі, жеткізу режимінде – сағат 22:00-ге дейінгі жұмыс тәртібімен, келушілердің осы Қаулыда белгіленген жұмыс уақыты аяқталған соң, тамақтанатын залда болуына тыйым салумен, қоғамдық тамақтану нысандарының (*мейрамханалар, кафе, барлар, асханалар мен басқа нысандар*) қызметіне рұқсат беруді;

6) ашық ауада және жабық үй-жайда жеке және топтық жаттығуларға (*топта 5 адамнан асырмай*) рұқсат беруді;

7) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығын қуатынан 20%-дан асырмай, сағат 22:00-ге дейінгі жұмыс тәртібімен, сауда орталықтарының (*ойын-сауық орталықтарынан, фудкорттардан, кинотеатрлардан басқа*), сауда үйлерінің (*бутиктер*), сауда желілерінің қызметін;

8) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығын қуатынан 20%-дан асырмай, жұмыс тәртібін сағат 18:00-ге дейін шектеумен, азық-түлікке жатпайтын тауарларды өткізетін дүкендердің қызметін;

9) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығын қуатынан 20%-дан асырмай, жұмыс тәртібін сағат 22:00-ге дейін шектеумен, азық-түлік дүкендерінің қызметін;

10) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығын қуатынан 20%-дан асырмай, жұмыс тәртібін сағат 18:00-ге дейін шектеумен, азық-түлікке жатпайтын және азық-түлік тауарларын өткізетін жабық және ашық базарлардың қызметін;

11) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір адамға су айнасының 5 шаршы метр есебінен жеке форматта, алдын ала жазылу бойынша спорт бассейндерінің *(топтық – топта 5 адамнан асырмай)* қызметін;

12) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, қуатынан 30%-дан аспайтын толымдылықты және бір келушіге кемінде 5 шаршы метрді қамтамасыз еткен жағдайда, уақытын сағат 20:00-ге дейін шектеумен, топта 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығуларға арналған спорт кешендерінің және өзге спорттық нысандардың, соның ішінде, фитнес, жаттығу залдарының, спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметін;

13) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, уақытын сағат 20:00-ге дейін шектеумен, жиналуы мен ұзақ тығыз байланысты болғызбайтын, халыққа байланыссыз қызмет көрсететін нысандардың қызметін *(баспахана қызметтерін ұсынатын нысандар, тұрмыстық техниканы жөндеу; телешеберханалар; автосалондар; автожуу; дөңгелек ауыстыру; автомобильдерді жөндеу; зергерлік шеберханалар; аяқ-киім шеберханалары; тігін ательесі; аяқ-киімді, киімді жөндеу жөніндегі сервис, картридждерді толтыру және басқа нысандар)*;

14) ҚР БМСД № 57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс және демалыс күндері жұмыс кестесін сағат 9:00-ден бастап сағат 18:00-ге дейін белгілеумен, ішінде орналасқан азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен заттарды өткізетін бутиктердің *(бөлімдердің)* демалыс күндері жұмыс істеуіне тыйым салу арқылы бизнес-орталықтарының, сондай-ақ, онда орналасқан адвокаттар, нотариус, бухгалтер мен консалтинг қызметтерін ұсыну жөніндегі объектілердің, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктердің, жарнамалық агенттіктердің, сот орындаушыларының, туроператорлардың, азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен заттарды және басқаларын өткізетін бутиктердің *(бөлімдердің)* жұмысын ұйымдастыруды;

15) қаржы секторы субъектілерінің *(екінші деңгейдегі банктер; банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (шетелдік қолма-қол валютамен айырбас операцияларына ҚР Ұлттық Банкі лицензиясының негізінде, қызметін тек айырбас пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар; ипотекалық ұйымдар; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары; сақтандыру брокерлері; бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар; микроқаржы ұйымдары, несие серіктестіктері, ломбардтар; төлем ұйымдары; коллекторлық агенттіктер)* қызметіне рұқсат беруді және ҚР Ұлттық Банк Төрағасы мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірлескен бұйрығының талаптарын сақтауды;

16) ҚР БМСД №57 Қаулысының талаптарын орындай отыра, мемлекеттік органдардың *(ұйымдардың, кәсіпорындардың)*, квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық кампаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің

қызметіне рұқсат беруді қамтамасыз етсін. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан жұмыс нысанында қалдырылады (*штаттық кестеде 30-дан астам қызметкер болғанда*);

17) «Азаматтарға арналған үкімет» ҰК» ҰАҚ Павлодар облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету орталықтары мен 1414 байланыс орталықтарының жұмысын жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 09:00-ден бастап 17:00-ге дейін қамтамасыз етсін. ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын орындай отыра, Мамандандырылған ХҚО жұмыс кестесі жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 9:00-ден бастап 17:00-ге дейін, халыққа қызмет көрсету орталықтарының сенбі, жексенбі және мереке күндері жұмыс істеуіне тыйым салынсын.

18) **Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндері мынадай шектеу шараларын енгізуді:**

- барлық түрдегі азық-түлікке жатпайтын тауарларды өткізетін сауда объектілерінің қызметін тек жеткізу форматында (*сол жерде орналасқан, азық-түлік тауарларын өткізетін нысандардан, дәріханалардан, сабын және жуғыш тауарларды өткізетін нысандардан басқа*);

- құрылыс тауарларын өткізетін объектілердің қызметін: көтерме сату үшін – қалыпты режимде, бөлшек сауда – тек жеткізу форматында;

- азық-түлік тауарларын өткізетін сауда объектілерінде орналасқан, азық-түлікке жатпайтын тауарларды өткізу жөніндегі бөлімдердің, бутиктердің (*сабын және жуғыш тауарлардан басқа*) жұмысын тоқтата тұруды;

- азық-түлікке жатпайтын және азық-түлік тауарларын өткізетін жабық және ашық базарлардың, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің жұмысын тоқтата тұруды қамтамасыз етсін;

- қоғамдық тамақтану нысандарының жұмысы сағат 8:00-ден бастап сағат 22:00-ге дейінгі жұмыс тәртібімен, тек жеткізу форматында;

- моншалардың, сауналардың, СПА-орталықтарының, уқалау қызметтерінің жұмысын тоқтата тұруды;

- қоғамдық көліктің (*трамвайлар, автобустар, бағдарлы таксилер*) жұмысына тыйым салуды қамтамасыз етсін.

3. «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар мен оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 26 қазандағы № 12 Қаулысы 1-тармағының 1), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 18), 19), 20), 21), 23), 25), 26), 27), 33), 34), 39), 43), 44)-тармақшалары алынып тасталсын.

4. Облыс қала мен аудандарының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты өз Қаулыларын шығаруға құқылы.

5. Осы Қаулыны меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар орындауы қажет.

6. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы Қаулы 2020 жылдың 9 қарашасында сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.

Павлодар облысының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері



Б. Әлиев